



12 мамыр, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ



ТАМЫРЛАС, БАУЫРЛАС, ДОСТАС МЕМЛЕКЕТТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия Республикасына мемлекеттік сапары Түркияның негізін қалаушы әрі тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің рухына тағзым етуден басталды.

Қазақстан Президенті Анкараға мемлекеттік сапары барысында Түркия Президентімен келіссөз жүргізді. Бауырлас Түркия Республикасына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Режеп Тайип Ердоғанға ризашылығын білдірді. Шағын құрамдағы кездесу соңында Мемлекет басшысы Түркия Президентін елімізге сапармен келуге шақырды. Режеп Тайип Ердоған Түркияға сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сонымен қатар Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанға шақыруын ризашылықпен қабыл алып, биыл күзде елімізге келетінін жеткізді.

Түркия Президентінің резиденциясында ресми делегация мүшелерінің қатысуымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Режеп Тайип Ердоған келіссөз өткізді. Көрсетілген құрмет пен қонақжайлық үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар бауырлас түрік жеріне аяқ басқанда әрдайым өз

үйімізге келгендей сезінетіндігімізді, Қазақстан атажұрт болса, Анадолы екінші отанымыз деп білетіндігімізді жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мызғымас достыққа, тату бауырластық пен стратегиялық ықпалдастыққа негізделген Қазақстан мен Түркия арасындағы көпжақты байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына арнайы тоқталды.

– Түркия – Қазақстанның негізгі 5 сауда серіктесінің бірі. Алыс-берісіміз жылдан жылға артып келеді. Мысалы, 2021 жылы 5 миллиард долларға жеткен. Осы қарқынды азайтпай, сауда-сағтықты 10 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Бұдан бөлек, Түркия Қазақстанның ең ірі 10 инвесторының қатарында. Экономикамызға 4 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Қазақстанның Түркияға салған капиталы – 1 миллиард доллардан астам. Соңғы екі жылда Қазақстанда 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

● ҚҰРМЕТ



ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

Облыс әкімі соғыс ардагерлерін арнайы барып құттықтады

Бүгінгі күні Қызылорда облысында Ұлы Отан соғысының 7 ардагері бар. Жеңістің 77 жылдық мерекесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барлық майдангерге арнайы барып, Президент атынан құттықтап, құрмет көрсетті. Облыс басшысы Қазалы, Сырдария, Шиели аудандары мен Қызылорда қаласында тұратын соғыс ардагерлерінің шаңырағында болып, арнайы сый-сияпат ұсынды.

2-бет

● ТАЛҚЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ Өңір ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелерімен бірге Қызылорда облысының жұртшылығымен кездесу өткізді.

Алдымен Мемлекеттік хатшы мен Ұлттық кеңес мүшелері Қызылорда облысының активімен жүздесті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің экономикалық дамуының негізгі бағыттары мен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуына тоқталды.

– Өткен аптада Президент Конституцияға өзгеріс енгізу жобасы бойынша республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Мемлекет басшысы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесіне

қатысты бейнеүндеуінде: «Біз бәріміз ел болып жаңа Қазақстанды, әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын

иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша екінші республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет» дегенін білесіздер. Бұл – мемлекетті өркендетудің адындағы түбегейлі өзгерістерге бағыттайтын айрықша маңызды саяси шешім, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде, Мемлекеттік хатшы конституциялық реформаның негізгі бағыттары туралы айтты.

3-бет



● ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



Майдангерлерге мәңгілік тағзым

9 мамыр күні «Тағзым» алаңында «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты салтанатты іс-шара өткізілді. Майдангерлердің ерлігін еске салатын ескі әуендер шырқалып, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің үрмелі аспаптар оркестрінің концерті ұйымдастырылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын мерекемен құттықтап, Жеңіс қаһармандарының ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын жеткізді.

– Ардақты ардагерлер, бүгінгі бейбіт өміріміз бен тыныш тіршілігіміз үшін өздеріңізге кейінгі ұрпақ атынан мың мәрте алғыс айтамыз. Сіздер сияқты жеңімпаз жауынгерлер ұрпағы, достық пен ауызбіршілікті ту еткен аға буынның жалғасы екеніңізді әрдайым мақтан етеміз.

Мемлекет басшысы, Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай: «Аға буынның теңдессіз ерлігін құрметтеп, зұлмат соғыстың зардаптарын ұмытпау – біздің кәсіптеріміздің борышымыз!». Осынау ерлікке толы күн тарихымыздың мәңгі ұмытылмас парағы болып қала бермек, – деді облыс басшысы.

Сыр жұртшылығы атынан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев,

облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қала әкімі Асылбек Шәменов және құқық қорғау органдарының басшылары бастап ескерткішке гүл қойып, бейбіт өмір жолында шейіт болған майдангерлердің рухына тағзым етті.

Айта кетейік, соғыс жылдары майданға Сыр елінен 70 мыңнан астам адам аттанса, 35 мың адам майдан даласынан оралмады.

Сыр елінің 21 азаматы ерлігі мен қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры, 2-уі «Даңқ» орденінің толық кавалері атанды. 20 мыңнан астам жерлесіміз орден-медальдармен марапатталды. Қазіргі таңда өңірде 7 Ұлы Отан соғысының және оларға теңестірілген 2902 ардагер бар.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жүрек жұтқан жігіт

Күні кеше Нұр-Сұлтан қаласында елді елең еткізген оқиға болды. Тұрғын үйдің 8-қабаттан құлағалы тұрған кішкентай қызды құтқарып қалған жігіттің ерлігі әп-сәтте желі арқылы шартапарқа таралды.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»



Оқиға елордадағы Ұлы Дала көшесі 27/1 мекен-жайында болған. Өз өмірін қатерге тігіп, бүлдіршінді құтқарған Сәбит Шонтақбаев – Жалағаш ауданы Аққұм ауылының тумасы. 36 жастағы азамат 4 баланың әкесі. Оның Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс іздеп келгеніне 15 күн ғана болған. Отбасы Қызылордада жалдамалы пәтерде тұрады.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:

жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



